

Кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 129 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 21 мамырда N 14-12-74 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 233 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 24.12.2014 № 233 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 422-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Созақ ауданында кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Созақ аудандық мәслихатының
кезектен тыс XVII сессиясының төрағасы: К. Исаев*

Созақ аудандық мәслихатының хатшысы: А. Аймұрзаев

**Созақ аудандық мәслихатының
2009 жылғы 27 сәуірдегі**

N 129 шешіміне қосымша

к/с	Салық салу объектісінің атауы	Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК